әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Рекреациялық география және туризм кафедрасы



11-дәріс

Ғылыми мақаланың құрылымы және IMRAD моделі

Scientific Writing

ДӘРІСКЕР

Елдар Нұрұлы
Аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, PhD Candidate

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Дәрістің мақсаты

IMRAD моделін ғылыми мақаланың логикалық құрылымы ретінде түсінуді қалыптастыру, оның туризм саласындағы жарияланымдарда қолданылуын түсіндіру және мақала құрылымын кәсіби бағалай алу қабілетін дамыту.

Дәріс соңында студент:

- IMRAD моделінің төрт бөлімін, олардың функцияларын және оқырманға жауап беретін сұрақтарын түсіндіре алады
- Кіріспе бөлімін жазудың CARS моделін (зерттеу кеңістігін құру) біледі және қолдана алады
- Ғылыми мәтіндегі сигналдық фразаларды (бағыттау тілі) тани алады және өз жұмысында қолдана алады
- Туризм журналдарындағы IMRAD+ бейімделуін (Annals of Tourism Research, Tourism Management) біледі
- Мақаланың «кіру элементтерінің» (атау, аннотация, кілт сөздер) маңызын түсінеді

ДӘРІС ЖОСПАРЫ | 50 МИНУТ

0–5 мин

Кіріспе сұрақ

Ғылыми мәтінді қалай анықтаймыз?

5–20 мин

IMRAD теориясы

4 бөлім + CARS моделі + сигналдық тіл

20–35 мин

Тәжірибелік тапсырма

«Мақаланы жина» — топтық жұмыс

35–42 мин

Туризм контексті

IMRAD+ және журнал талаптары

42–50 мин

Қорытынды

Рефлексия: «IMRAD маған...»

ИНТЕРАКТИВ

«Ғылыми мақала» деген сөзді естігенде ойыңызға бірінші не келеді?

menti.com

Қалай қатысу керек:

1. QR-кодты сканерлеңіз немесе menti.com сайтына кіріңіз
2. Экрандағы кодты енгізіңіз
3. 2-3 сөз жазыңыз

Нәтиже: сөз бұлты (word cloud) экранда көрінеді

2 минут

1-КЕЗЕҢ | ҚАЙСЫСЫ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАДАН?

Нұсқау: Екі мәтінді салыстырыңыздар. Қайсысы ғылыми мақаладан алынған? Неге?

А МӘТІН

Ұлттық парктерде экотуризмнің танымалдығы артқанына қарамастан, цифрлық интерпретация қызметтеріне туристтердің қанағаттануы аз зерттелген. Бұл зерттеу осы олқылықты толтыруға бағытталған: Іле-Алатау ұлттық паркінде келушілердің смарт-туризм технологияларына дайындығы сауалнама әдісімен бағаланды.

Б МӘТІН

Қазіргі заманда туризм өте маңызды сала болып табылады. Көптеген елдер туризмді дамытуға көп көңіл бөлуде. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар туризм саласында кеңінен қолданылады. Біздің зерттеуіміз осы тақырыпқа арналған.

Жұптық жұмыс (1 минут): Жанындағы студентпен талқылаңыз. Айырмашылықтарды анықтаңыз: құрылым, тіл, нақтылық, олқылық (gap), мақсат.

2-КЕЗЕҢ | IMRAD — ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАМАНЫҢ ЛОГИКАСЫ

IMRAD = зерттеуші мен оқырман арасындағы келісім

I	M	R	D
Кіріспе	**Әдістер**	**Нәтижелер**	**Талқылау**
Не үшін зерттелді?	**Қалай зерттелді?**	**Не алынды?**	**Мәні неде?**

Дереккөз: ICMJE, 2024; Sollaci & Pereira, 2004

КІРІСПЕ БӨЛІМІ | CARS МОДЕЛІ (Свейлз, 1990)

CARS (Create a Research Space) = Зерттеу кеңістігін құру — Кіріспе жазудың 3 қадамы

1

Территорияны белгіле (Establishing a Territory)

Тақырыптың маңыздылығын көрсетіңіз, саланың жалпы контекстін беріңіз, яғни зерттеу саласын анықтау

Сигналдық фразалар:

«Туризм саласы... маңызды рөл атқарады»

«...зерттеушілердің назарын аударып отыр»

2

Олқылықты көрсет Establishing a Niche

Білімдегі олқылықты (gap) анықтаңыз: не зерттелмеген?

Сигналдық фразалар:

«Алайда, ... аз зерттелген»

«...қарамастан, ... туралы мәлімет жеткіліксіз»

3

Өз орныңды ал (Occupying the Niche)

Зерттеу мақсатын, сұрағын, күтілетін үлесті тұжырымдаңыз

Сигналдық фразалар:

«Бұл зерттеудің мақсаты — ...»

«Осы жұмыс ... олқылықты толтыруға бағытталған»

ӘДІСТЕР БӨЛІМІ | АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДІРУ

Негізгі ереже

Басқа зерттеуші сіздің мақалаңызды оқып, зерттеуді қайталай алатындай жазыңыз.

ICMJE: «Процедуралар сипаттамасы оқығанда қайталанатындай дәрежеде жеткілікті болуы тиіс.»

Жиі қате

«Сауалнама жүргіздім, 100 адам қатысты» — бұл жеткіліксіз!

Толық жазу керек: іріктеме тәсілі, сауалнама құрылымы, шкалалар, деректерді талдау әдісі, этикалық мәселелер.

Әдістер бөлімінің сигналдық фразалары:

«Деректер ... арқылы жиналды» | «Іріктеме ... адамнан тұрды» | «Бес балдық Лайкерт шкаласы қолданылды» | «Сенімділікті тексеру үшін Кронбах альфасы есептелді»

Туризмдегі негізгі әдістер:

Сандық:
сауалнамалар, регрессия, SEM, PLS

Сапалық:
интервью, бақылау, контент-талдау

Аралас:
аралас әдістер, триангуляция

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ | ФУНКЦИЯЛЫҚ АЙЫРМА

НӘТИЖЕЛЕР — Не алынды?

Функциясы: Деректерді интерпретациясыз көрсету

Ереже:
«Деректер сөйлесін, сен тыңда»

Сигналдық фразалар:

«Зерттеу нәтижелері көрсетті...»

«1-кестеде көрсетілгендей...»

«...арасында оң корреляция анықталды»

ТАЛҚЫЛАУ — Мәні неде?

Функциясы: Нәтижелерді әдебиет контексінде интерпретациялау

Бес элемент (ICMJE):

1. Негізгі нәтижелерді қысқаша қорыту
2. Алдыңғы зерттеулермен салыстыру
3. Шектеулерді адал ашу
4. Қосқан үлесті нақтылау
5. Болашақ бағыттарды көрсету

Жиі қате: Талқылау бөлімінде нәтижелерді қайталау — бұл функциясын орындамайды. Талқылау — мақаланың «интеллектуалды өзегі». Нәтижелерді әдебиетпен сұхбаттастыру керек!

СИГНАЛДЫҚ ТІЛ (БАҒЫТТАУ ТІЛІ)

Сигналдық тіл — академиялық мәтіндегі «жол белгілері»: оқырманға аргументацияның бағытын көрсетеді

Кіріспе	*«Бұл зерттеу ... олқылықты толтыруға бағытталған»* *«...қарамастан, ... аз зерттелген»* *«Осы жұмыстың мақсаты — ...»*
Әдістер	*«Деректер ... арқылы жиналды»* *«Іріктеме ... адамнан тұрды»* *«Осы сұрақты шешу үшін ... әдісі қолданылды»*
Нәтижелер	*«Зерттеу нәтижелері көрсетті...»* *«1-кестеде көрсетілгендей...»* *«...арасында статистикалық маңызды байланыс анықталды»*
Талқылау	*«Алдыңғы зерттеулерге қарағанда...»* *«Бұл нәтижелер ... моделімен сәйкес келеді»* *«Бұл табылымның бір мүмкін түсіндірмесі — ...»*



З - К Е З Е Ң

«МАҚАЛАНЫ ЖИНА»

Топтық тәжірибелік тапсырма | 10 минут

Ережелер:

1. 4–5 адамнан тұратын топтарға бөліну

2. Келесі слайдтағы 4 мәтін фрагментін оқу

3. Әр фрагмент IMRAD-тың қай бөліміне жататынын анықтау (7 мин)

ТАПСЫРМА | БҰЛ ҚАЙ БӨЛІМ? АНЫҚТАҢЫЗ!

1-фрагмент — ?

Орталық Азия ұлттық парктерінде экотуризмнің танымалдығы артқанына қарамастан, цифрлық интерпретация қызметтеріне туристтердің қанағаттануы аз зерттелген. Бұл зерттеу осы олқылықты толтыруға бағытталған: Іле-Алатау ұлттық паркінде келушілердің смарт-туризм технологияларына қабылдауы зерделенді.

2-фрагмент — ?

Деректер құрылымдалған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама ұлттық парктің үш кіреберісінде 2024 жылдың шілде-қыркүйек айларында 412 келушіге таратылды. Қабылданатын пайдалылықты, қолданудың жеңілдігін және қанағаттануды бағалау үшін бес балдық Лайкерт шкаласы қолданылды.

3-фрагмент — ?

Зерттеу нәтижелері көрсетті: респонденттердің 68%-ы мобильді навигация құралдарын қалайды. 2-кестеде көрсетілгендей, технологиялық дайындық пен жалпы қанағаттану арасында оң корреляция анықталды ($r = 0,74$, $p < 0,01$).

4-фрагмент — ?

Бұл нәтижелер Технологияны қабылдау моделімен (Davis, 1989) сәйкес келеді: қабылданатын пайдалылық технологияны қолдануды ынталандырады. Алайда, қалалық туризм контексіндегі алдыңғы зерттеулерге қарағанда, осы зерттеуде егде жастағы келушілер жас когортамен салыстырмалы технологиялық дайындық көрсетті.

ЖАУАПТАР | ФРАГМЕНТТЕРДІ ТЕКСЕРУ

1-фрагмент → Кіріспе

Орталық Азия ұлттық парктерінде экотуризмнің танымалдығы артқанына қарамастан, цифрлық интерпретация қызметтеріне туристтердің қанағаттануы аз зерттелген. Бұл зерттеу осы олқылықты толтыруға бағытталған: Іле-Алатау ұлттық паркінде келушілердің смарт-туризм технологияларына қабылдауы зерделенді.

Сигналдар: «аз зерттелген», «олқылықты толтыруға бағытталған»

2-фрагмент → Әдістер

Деректер құрылымдалған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама ұлттық парктің үш кіреберісінде 2024 жылдың шілде-қыркүйек айларында 412 келушіге таратылды. Қабылданатын пайдалылықты, қолданудың жеңілдігін және қанағаттануды бағалау үшін бес балдық Лайкерт шкаласы қолданылды.

Сигналдар: «деректер ... арқылы жиналды», «шкаласы қолданылды»

3-фрагмент → Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері көрсетті: респонденттердің 68%-ы мобильді навигация құралдарын қалайды. 2-кестеде көрсетілгендей, технологиялық дайындық пен жалпы қанағаттану арасында оң корреляция анықталды ($r = 0,74$, $p < 0,01$).

Сигналдар: «нәтижелері көрсетті», «кестеде көрсетілгендей»

4-фрагмент → Талқылау

Бұл нәтижелер Технологияны қабылдау моделімен (Davis, 1989) сәйкес келеді: қабылданатын пайдалылық технологияны қолдануды ынталандырады. Алайда, қалалық туризм контексіндегі алдыңғы зерттеулерге қарағанда, осы зерттеуде егде жастағы келушілер жас когортамен салыстырмалы технологиялық дайындық көрсетті.

Сигналдар: «сәйкес келеді», «алдыңғы зерттеулерге қарағанда»

IMRAD-ТАН ТЫС | АТАУ, АННОТАЦИЯ, КІЛТ СӨЗДЕР

Атау

Мақаланың бірінші және ең жиі оқылатын элементі. Формула: тақырып + контекст + әдіс.

«Қазақстандағы қонақжайлылық индустриясының цифрлық трансформациясы: эмпирикалық зерттеу»

Аннотация

Мақаланың қысқаша мазмұнын беретін дербес мәтін. Құрылымдалған аннотация: Кіріспе → Мақсат → Әдістер → Нәтижелер → Қорытынды.

Оқырман мақаланы оқу/оқымау шешімін аннотация негізінде қабылдайды.

Кілт сөздер

Мақаланың дерекқорларда табылуына тікелей әсер етеді. Атау, аннотация, кілт сөздер арасында бірдей сөздерді қайталамау тиімді.

Әр элементте жаңа іздеу мүмкіндігін қосу — «табылу мүмкіндігін» арттырады.

Әдебиеттер тізімі

Зерттеудің ғылыми диалогтағы орнын белгілейді. Туризм журналдары: APA 7 стилі.

Тым ескі/аз дереккөздер, өзін-өзі тым көп дәйексөздеу → рецензент үшін «қызыл жалауша».

МАҚАЛАНЫҢ АЯҚТАУ БЛОКТАРЫ

Қорытынды

Зерттеудің негізгі нәтижелерін қысқаша тұжырымдау, теориялық және практикалық үлесін көрсету, болашақ зерттеу бағыттарын ұсыну.

Жаңа деректер енгізілмейді — тек қорытындылау!

Шектеулер

Зерттеудің әлсіз тұстарын адал ашу: іріктеме көлемі, географиялық шектеулік, әдіснамалық шектеулер.

Рецензенттер бұл бөлімнің болуын міндетті түрде тексереді.

Алғыс

Зерттеуге көмектескен, бірақ автор болу критерийлеріне сай келмейтін адамдарға, ұйымдарға алғыс білдіру.

Мысалы: ғылыми жетекшіге, респонденттерге, рецензенттерге.

Қаржыландыру

Зерттеуді қаржыландырған грант, жоба немесе ұйымды көрсету. Грант нөмірі міндетті.

Мысалы: «Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ AP23490620 жобасы аясында жүргізілді.»

Мүдделер қақтығысы

Авторлардың зерттеу нәтижелеріне әсер етуі мүмкін қаржылық немесе жеке мүдделерінің жоқ екенін мәлімдеу.

Көптеген журналдар бұл мәлімдемені міндетті түрде талап етеді.

4-КЕЗЕҢ | IMRAD+ ТУРИЗМ ЖУРНАЛДАРЫНДА

Туризмде IMRAD → IMRAD+ : негізгі ядро сақталады, бірақ қосымша блоктар қосылады

Annals of Tourism Research

Міндетті бөлімдер:

Кіріспе
Әдебиеттерге шолу (бөлек тақырыппен!)
Әдіснама
Нәтижелер мен Талқылау (бір блокта)
Қорытынды

Ерекшелігі:

«Теориялық бағытталған» журнал — Әдебиеттерге шолу бөлек тақырыппен талап етіледі.

Tourism Management

Ерекше талаптар:

Аннотация: ≤150 сөз
Әсер туралы мәлімдеме: жеке файлда
Нөмірленген бөлімдер
Теория бөлімі (қажет болса)

Әсер туралы мәлімдеме —

зерттеу нәтижелерінің қоғамға, экономикаға, индустрияға немесе саясатқа ықпалы.

Негізгі логика сақталады: мәселе → әдіс → деректер → интерпретация

Сұрақ аудиторияға: Tourism Management журналы «Әсер туралы мәлімдемені» неге талап етеді деп ойлайсыздар?

4-КЕЗЕҢ | IMRAD+ ТУРИЗМ ЖУРНАЛДАРЫНДА





5-КЕЗЕҢ | ҚОРЫТЫНДЫ — БҮГІН НЕ БІЛДІК?

1. IMRAD — формат емес, ғылыми хабарламаның тәртіптеуші логикасы. Мәселе → Әдіс → Деректер → Интерпретация.

2. Әр бөлімнің өз функциясы, өз сигналдық тілі және өз қателері бар. CARS моделі — Кіріспе жазудың «рецепті».

3. Туризмде IMRAD → IMRAD+: Әдебиеттерге шолу бөлек, Әсер туралы мәлімдеме қосылады, бірақ базалық логика сақталады.

Рефлексия: Осы сөйлемді аяқтаңыз: «Бүгінгі дәрістен мен үшін ең маңыздысы — ...»

Негізгі дереккөздер:

1. International Committee of Medical Journal Editors (ICMJE). Recommendations for the Conduct, Reporting, Editing, and Publication of Scholarly Work in Medical Journals. – Updated 2024. – URL: https://www.icmje.org/recommendations/
2. Sollaci L.B., Pereira M.G. The introduction, methods, results, and discussion (IMRAD) structure: a fifty-year survey // Journal of the Medical Library Association. – 2004. – Vol. 92, No. 3. – P. 364–367.
3. Medawar P.B. Is the scientific paper a fraud? // The Listener. – 1963. – Vol. 70. – P. 377–378.
4. Eriksson D.M. The symmetry of specificity in academic writing // Higher Education. – 2020. – Vol. 80. – P. 1–18.
5. Page M.J., McKenzie J.E., Bossuyt P.M. et al. The PRISMA 2020 statement: an updated guideline for reporting systematic reviews // BMJ. – 2021. – Vol. 372, n71. – https://doi.org/10.1136/bmj.n71
6. Nair P.K.R., Nair V.D. Organization of a research paper: The IMRAD format // Scientific Writing and Communication in Agriculture and Natural Resources. – Cham : Springer, 2014. – P. 13–25.
7. Cargill M., O'Connor P. Writing Scientific Research Articles: Strategy and Steps. – 3rd ed. – Hoboken, NJ : Wiley-Blackwell, 2021. – 256 p. – ISBN 978-1-119-71727-0.
8. Swales J.M., Feak C.B. Academic Writing for Graduate Students: Essential Tasks and Skills. – 3rd ed. – Ann Arbor : University of Michigan Press, 2012. – 432 p. – ISBN 978-0-472-03475-8.
9. Sword H. Stylish Academic Writing. – Cambridge, MA : Harvard University Press, 2012. – 240 p. – ISBN 978-0-674-06448-0.
10. Hall C.M. Publish and perish? Bibliometric analysis, journal ranking and the assessment of research quality in tourism // Tourism Management. – 2011. – Vol. 32, No. 1. – P. 16–27.
11. Barron P. Education and talent management: implications for the hospitality industry // International Journal of Contemporary Hospitality Management. – 2008. – Vol. 20, No. 7. – P. 730–742.
12. Annals of Tourism Research. Guide for Authors. – Elsevier, 2024. – URL: https://www.sciencedirect.com/journal/annals-of-tourism-research
13. Tourism Management. Guide for Authors. – Elsevier, 2024. – URL: https://www.sciencedirect.com/journal/tourism-management

Назарларыңызға рақмет!

әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
әл-Фараби даңғ., 71/19
Алматы қ., 050040
Қазақстан Республикасы

+7 778 879 75 93

yeldar.nuruly@kaznu.edu.kz

https://farabi.university/

